# Астық сертификаттау жөніндегі органды, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды (орталықтарды) тіркеудің ережесін және Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 64 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1429. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2002.05.12. N 133 бұйрығымен.

"Астық туралы" Z010143_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Астық сертификаттау жөніндегі органды, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды (орталықтарды)тіркеудің ережесі;

2) Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесі бекітілсін.

2. Астық департаменті (Қ.М. Мұсынов) заңдарда белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің белгіленген тәртіппен қабылдануынан кейін қолданысқа кіргізеді.

Министр

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
2001 жылғы 19 наурыздағы
N 64 бұйрығымен
бекітілген

## Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесі

Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Астық туралы" Z010143_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленген және стандартқа сай емес және сапа шартына сай емес астықты (тұқымды) ішкі рынокта және экспорттағанда сатуға жол бермеуге бағытталған.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

егісті талдап анықтау - егістік жерлерде сорттың тазалығын, ластануын, ауруларға ұшырауын, зиянкестермен зақымдалуын өсімдіктердің тамырын немесе анықталатын бауын тексеру жолымен өткізілетін егудің сорттық сапасының сараптамасы;

қызмет көрсету аймағы - астықты (тұқымды) сертификаттау жөніндегі қызмет көрсетулер ұсынуды өз шегінде жүзеге асыратын аймақ (облыс, аудан, қала);

тұқым себу сапасы - тұқымның себу жарамдылығының дәрежесін сипаттайтын қасиеттерінің жиынтығы;

тұқым сараптамасы - тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар талаптарының сақталуына тұқымның сорттылық және себу сапаларының сәйкестігін анықтау жөніндегі іс-шаралар кешені;

сертификаттау - тауар өндірушіге (сатушыға) және тұтынушыға (сатып алушыға) тәуелсіз органның нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға астықтың сәйкестігін жазбаша растауы.

### 2. Астық сапасын сертификаттау тәртібі

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде (бұдан әрі - Ауылшармині) тіркелген, өз құрамында астық сапасы жөніндегі облыстық, аудандық зертханалары (орталықтары) бар органдар астық сертификаттауды сапа сертификатын берумен жүргізеді.

3. Мемлекеттік астық ресурстарын сертификаттауды тендерді жеңген

сертификаттау жөніндегі тіркелген орган жүргізеді.

Тендер шарттарын және оны өткізу тәртібін Ауылшармині белгілейді.

4. Сапа сертификаты бір алушыға ішкі рынокта немесе экспортқа сатуға арналған астықтың әрбір бір текті (автомобиль, вагон, пароход және өзге де) партиясына беріледі.

5. Сертификаттау жөніндегі органның астық сапасы жөніндегі тіркелген облыстық зертханасының өз құрылымында тіркелген аудандық зертханалары болуы тиіс.

6. Астық сапасы жөніндегі тіркелген облыстық зертхана астық сапасының сертификаттау сынақтарын толық көлемде 1 Қосымшаға сәйкес өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

7. Астық сапасы жөніндегі тіркелген аудандық зертхана өзінің орналасқан жері бойынша, тиісті облыс ауданының шекараларында, 1-қосымшада көзделген көлемнің ең кемінде 75 пайызы көлеміндегі сертификаттау сынақтарын өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

8. Астық сапасының сертификаттары (2-қосымша) қатаң есеп беру бланкілері болып табылады, олар белгіленген тәртіппен берілуге және есептелуге жатады.

9. Астық сертификаттау жөніндегі жұмыстар өтініш иесінің өтініші негізінде жүзеге асырылады және жасалған келісімге сәйкес төленеді.

10. Астық сертификаттау жөніндегі орган астық сертификаттау жөнінде жұмыстар өткізуге екі дана келісім ресімдейді.

11. Өтініш иесі жұмыс өткізу шарттарымен келіскенде, келісімге қол қояды және ақысын төлейді.

12. Сарапшы (бұдан әрі - СО сарапшысы) сынамаларды іріктегенде көлік құралдарының астық тасымалдауға жарамдылығын анықтау үшін оларды мұқият тексереді.

13. Көлік құралдары техникалық жарамды, таза және астыққа сіңіп кететін бөтен иіссіз болуға тиіс. Көлік құралдары жарамсыз болған жағдайда, СО сарапшысы көлік құралдары жарамсыздығының себебін көрсетіп, ақаулы деп тану актісін жасайды.

14. Ақаулы деп тану актісіне СО сарапшысы, жүк жіберушінің және көлік ұйымының өкілдері қол қояды.

15. СО сарапшысы астықты тиеу және түсіру процесінде қолданылып жүрген мемлекеттік стандартқа (бұдан әрі - МЕСТ) сәйкес сынамаларды іріктейді және іріктеу актісін комиссиямен ресімдейді.

16. СО сарапшысы мемлекеттік астық ресурстарының сынамаларын іріктеуді Ауылшармині аумақтық басқармасы мемлекеттік астық инспекторының

қатысуымен өткізеді.
17. Астық сапасының сертификаттау сынақтары келісім шарттарына, астық сапасы жөніндегі тіркелген аудандық зертхананың қолданылып жүрген стандартына сәйкес өткізіледі, олардың нәтижелері бойынша 3-қосымшаға сәйкес сынақ хаттамасы ресімделеді.
18. Сынақ хаттамасында:
астықтың сапасы жөніндегі тіркелген зертхананың атауы;
тіркелгені туралы куәліктің нөмірі;
тіркелу нөмірі, кім, қашан бергені туралы жазылуы тиіс.
19. Сынақ хаттамасында МЕСТ, мемлекетаралық стандарттар талаптарының сапалық көрсеткіштерінің шарттың талаптарына сәйкестігі туралы тұжырым жазылуы тиіс.
20. Сынақ хаттамасына зертхана маманы қол қояды және ол мөрмен расталады. Хаттамада сынақ нәтижелері түзетілмеуі тиіс.
21. Астық сапасы жөніндегі тіркелген аудандық зертхананың саласына енгізілмеген астық сапасын анықтау үшін СО сарапшысы астық сапасы жөніндегі тиісті облыстық зертханаға астық сынамаларын жібереді.
22. Сертификаттау сынақтарының нәтижелері оң болғанда, СО сарапшысы сынақ хаттамасының негізінде астық сапасының сертификатын береді.
23. Астық сапасы сертификатының іс-әрекет жасау мерзімі ішкі рынокта - бір ай, экспорттағанда ең кемінде үш ай болады.
24. Астық сапасы сертификатының түпнұсқасы жүкқұжатпен қоса астық алушыға жіберіледі.
25. Көшірме нұсқасы жіберушіге беріледі, көшірмесі астық сертификаттау жөніндегі органның іс қағаздарында қалады, астық қабылдайтын кәсіпорынға сынақ хаттамасының бір данасы беріледі.
26. Астық сапасының сертификатында:
құжаттың берілген күні, айы, жылы;
құжаттың іс-әрекет жасау мерзімі;
астықтың атауы, тұрпаты, тұрпат тармақшасы, класы;
ТН ВЭД коды - тауарлық номенклатура бойынша астықтың коды;
МЕСТ, шарттың нөмірі немесе нормативтік құжаттар;
сапа көрсеткіштерінің атауы және нақты мәні;
ресурстардың түрлері (коммерциялық, мемлекеттік және т.б.);
жіберушінің атауы;
жіберу бағыты;
автокөліктің, вагонның, кеменің нөмірі;
көлік жүкқұжатының нөмірі;
партияның салмағы килограммен, ыдысқа салынған немесе үйілген бос

жүктер үшін орындар саны;
түсім жылы;
тағайындалған мекені;
алушының атауы;
ерекше белгілерде:
астық запасы зиянкестерінің атауы, залалдану дәрежесі немесе 1 кг. астыққа тиесілі даналар саны;
газдау және газдан тазарту күні, фумигант атауы (егер, астық фумигатталса);
егер астық құрғатылса - "құрғатылған" деп;
металды магнитті қоспаның астықтың 1 кг. 1 мг. дейінгі дәл салмағы (астықта табылғанда);
0,1 пайызға дейінгі дәлдікпен алынған қандала-тасбақамен зақымдалған астықтың саны (зақымдалғанда);

азықтық мақсатқа ұсынылған астықтың 1 пайызынан артығы бүлінген және зақымдалған болса, ветеринариялық қызмет берген оның жемге жарамдылығы туралы қорытындының нөмірі мен күні көрсетіледі, порттардан осындай сапалы импорттық астық түсірілгенде, алатын жердегі ветеринариялық қызмет оның тексерілуі қажет екендігі туралы белгі қояды;
ақаулық дәрежесі (қылтан, зеңді сасық, шірік сасық иісі бар астық);
сапа сертификатын берген сертификат жөніндегі органның атауы;
СО сарапшысының қолы мен мөрі көрсетіледі.
27. Тиісті үлгіде оралған және пломбаланған астық сынамасы астық сапасы жөніндегі тіркелген зертханада келесі мерзім ішінде:
түсірілген партиялардың сынамасы - астық сапасы жөніндегі сертификаттың іс-әрекет мерзімі ішінде;
сапа жөніндегі келіспеушіліктер болғанда - келіспеушіліктер қарауды толық аяқтағанға дейін сақталады.

## 3. Тұқым сараптау тәртібі

28. Суперэлита және элита көшеттіктерінің, гибридтердің аталық нысандарының тұқымдары, қалыптасқан ұрпақтар, сатуға арналған тұқымдар міндетті сараптама жасауға жатады.
Қалған барлық тұқымдар, өтініш иелерінің өтініштері бойынша олардың жарамдылығын анықтау мақсатында сараптама жасауға жатады.

29. Тұқымның сорттылық және себу сапасына сараптама жасауды тұқым сапасы жөніндегі Ауылшарминінде тіркелген зертханалар тиісті облыс ауданының шекараларында өзінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

30. Тұқым сараптамасы жөніндегі жұмыстар өтініштер негізінде жүзеге асырылады және өтініш берушімен жасалған келісімдерге сәйкес төленеді.

31. Тұқым сапасын анықтау үшін комиссиямен дайын партиялардан ( тазартылған, сортталған, құрғатылған) сынамалар іріктеледі. Сынама қандай партиядан алынса, сол партияның сапасын толық бейнелеуі тиіс. Сынаманы іріктеу қолданылып жүрген мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізіледі.

32. Сынаманы іріктеуді тұқымдық сынақ зертханада тиісті нұсқау өткен және Ауылшармині аумақтық басқармасы шаруашылықтарының (ұйымдарының) жауапты өкілдерінің, тұқымдық инспекторларының қатысуымен шаруашылық мамандары өткізе алады.

33. Сынамаларды іріктеу (4-қосымша) белгіленген нысандағы үлгіде ресімделеді.

34. Тұқым өндіретін шаруашылықтардың басшылары тұқым сынамаларын дұрыс іріктеу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге, сынамалар алатын тұлғаларға олардың саны мен сапасы туралы құжаттар ұсынуға, тұқым сапасы жөніндегі зертханаға сынамаларды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

35. Тұқым зерттеу тұқымның сапа шартына (5-қосымша) немесе тұқым талдауының нәтижесіне (6-қосымша) сай екендігі туралы куәлік берумен өтініштер негізінде жүргізіледі.

36. Тұқым сапасын анықтау акті, сынамаларды іріктеу акті өтінішке қоса беріледі.

37. Себу сапасын анықтауды тұқым шаруашылығының маманы, сапа жөніндегі зертхананың сарапшысы Ауылшармині аумақтық басқармасының тұқым инспекторының қатысуымен өткізеді.

38. Тұқым сапасы жөніндегі зертхана тұқым сараптамасы жөніндегі жұмыстарды өткізу үшін 2 дана келісім ресімдейді. Толық емес талдауға жеке көрсеткіштер бойынша тұқым сараптамасының келісімі жасалады, толық талдауға барлық нормалық көрсеткіштер бойынша тұқым сараптамасын орындау келісімі жасалады.

39. Тұқым сынамасын іріктегеннен кейін 2 күн ішінде сараптауға ұсынады. Түскен әрбір сынаманы ораусыз өлшейді және жеке журналда тіркейді.

40. Тұқым сапасы жөніндегі зертханаға қабылданған сынамалар қолданылып жүрген мемлекеттік стандарттарға (7-қосымша) сәйкес бекітуге жатқызылған түрлер және көрсеткіштердің тізбесі бойынша зерттеледі.

41. Тұқым сараптамасының нәтижелеріне байланысты тұқымның сапа шартына сәйкестігі туралы куәлік немесе тұқым талдауының нәтижесі - сапа

туралы құжаттар берілуі тиіс.

42. Тұқымның сапа шартына сәйкестігі туралы куәлік тұқым себу сапасының (толық талдау) белгіленген стандарттарға сәйкес барлық көрсеткіштері бойынша себу сапасы тексерілген тұқымның партиясына беріледі және олар қойған талаптарға сәйкес келеді.

43. Тұқымның себу сапасына қойылған (оларды толық талдағанда) тиісті стандарт талаптарына сәйкес келмейтін тұқымға, сондай-ақ барлық нормаланған көрсеткіштер бойынша (толық емес талдау) толық тексерілмеген тұқымға талдау нәтижесі беріледі.

44. Барлық нормаланған көрсеткіштер бойынша толық тексерілмеген (толық емес талдау) тұқымды тұқымдық сараптама үшін қайта сараптағанда, толық талдау үшін барлық көрсеткіштер бойынша ақы төленеді.

45. Тұқымның сапа шартына сәйкестігі туралы куәлікке:

берілген күні (күні, айы, жылы);

құжаттың іс-әрекет жасау мерзімі;

зерттеу өткізетін зертхананың атауы, мекен-жайы;

құжаттың тіркелу нөмірі;

зерттелетін тұқым шаруашылығының немесе иесінің атауы және оның орналасқан жері;

дақылдың, сорттың, репродукцияның, санаттың атауы, түсім жылы;

партия нөмірі;

партия көлемі;

зерттеу нәтижелерін алғанды растайтын деректер;

зертхана басшысының мөр басылған қолы енгізілуі тиіс.

46. Сапа шартына сәйкестігі туралы куәліктің іс-әрекет мерзімі дақылдың түріне байланысты, қолданылып жүрген мемлекеттік стандартқа сәйкес, тұқым өнгіштігі сараптамасының аяқталған күнінен бастап белгіленеді.

47. Тұқым сапасы туралы құжат тұқымның өнгіштігі анықталған күннен бастап 7 күн ішінде берілуі тиіс.

48. Сапа шартына сәйкестігі туралы куәліктің іс-әрекет мерзімі өткенде, кенесі бар тұқымды қоспағанда, басқа тұқымдардың өнгіштігін ғана,

ал кенесі бар тұқымдардың өнгіштігін және оларда зиянкестердің болуын тексереді.

49. Қайталап тексеру жеке келісім бойынша өткізіледі және ол сапа шартына сәйкестігі туралы куәліктің іс-әрекет мерзімі аяқталған күнге дейін аяқталуға тиіс.

50. Тиісті үлгіде оралған, пломбаланған сынамалар осы дақылды ауданда себуді аяқтағаннан кейін екі ай бойы тіркелген зертхананың арнайы бөлінген үй жайында сақталады.

51. Мерзімі аяқталғанда немесе қайталап талдауға орташа сынама алынғанда, қалған орташа сынама иесіз қалдырылады.

1-қосымша

Астық сапасы жөніндегі тіркелген облыстық, аудандық зертханалар (орталықтар) анықтайтын астық сапасы көрсеткіштерінің тізбесі

| Өнімнің Атауы | ӨЖС Коды | СЭҚ ТН | Көрсеткіштің Атауы | Көрсеткіштер мен нормаларды Белгілейтін нормативтік құжаттар | Көрсеткіштердің сынақ әдістерін анықтайтын нормативтік құжаттар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Дәнді | 971950 | 1001-1008 | Үлгілік құрамы | МЕСТ 9353-90, ISO 7970:1989 | МЕСТ 10940-64 |
| Дақыл. дар | 971971 | | Иісі | ISO 11051-1994 | МЕСТ 10967-90 |
| | | | Түсі | МЕСТ 16990-88 | МЕСТ 10967-90 |
| | | | Жылтырлығы | МЕСТ 27850-88 | МЕСТ 10987-76 |
| | | | 1000 тұқымның салмағы | МЕСТ 5060-86 | МЕСТ10842-9 ISO 520:1977 |
| | | | Құрамындағы крахмал | МЕСТ 28672-90 | МЕСТ 108-45-98 |
| | | | Құрамындағы дән маңызы | МЕСТ 28673-90 МЕСТ 6293-90, ISO 7301:1988 | МЕСТ 13586.1-68 ISO N 158,155 |
| | | | Дән маңызының сапасы | МЕСТ 19092-92 | МЕСТ 10840-64, ISO 7971:2-995 |
| | | | Дән маңызының индексі | МЕСТ 8759-92 | МЕСТ 30483-97 |
| | | | Заттай | МЕСТ 13634-90 | ISO605:1991,1CC |

| | |
|---|---|
| | 102/1, 103/1 |
| Шөп-шалаң және | МЕСТ 22983-88 |
| астық қоспасы. | |
| ның жалпы және | |
| фракциялық құ. | МЕСТ 13586.4-83, |
| рамында болуы | ISO605-1991 |
| Зиянкестермен | МЕСТ 28666.1-90- |
| залалдануы және | 28664.4-90 |
| және зақымдалуы | ISO6639-1-3-1986, |
| | 6639-4-1987 |
| | МЕСТ 1386.5-93, |
| | ISO6540-1980 |
| Ылғалдылығы | ICC N202, |
| | ISO712:1998 |
| Күлділігі | МЕСТ10847-74, |
| | МЕСТ 28411-89 |
| | ISO 2171:1993 |
| Төмендеу саны | МЕСТ 27676-88, |
| | ISO 3093:1982 |
| | МЕСТ 30498-97, |
| | СС 107 |
| Құрамындағы | 15.07.87 ж. КСРО МУ |
| фузариоздық дән | |
| Құрамындағы | МЕСТ 10846-91 |
| белок | ICC N 159,ICC N 202 |
| Седиментациялық | МЕСТ 30043-93 |
| талдау | ISO 5529:1992, |
| | ICC 116/1 |
| Қышқылдығы | МЕСТ 26971-86, |
| | 10844-74 |
| Қатты дәнділік | AACC 39-70 |
| *) Астықтың | ISO 5530-1:1997 |
| наубайханалық | ISO 5530-1:1988 |
| қасиеттері | ISO 5530-4:1991, |
| | ISO 5530-2:1997 |
| Өну энергиясы | ICC114/1, ICC115/1, |
| және өну қасиеті | ICC121/1 |
| Тіршілікке бейім. | МЕСТ 10968-88 |
| ділігі | |

Қабыршақтылығы МЕСТ 12039-82
(сұлының, тары. МЕСТ 10843-74
ның, қарақұмық.
тың)
Өзектің болуы МЕСТ 19092 3.7.т.
(қарақұмық)
Өзектің салмақ. МЕСТ22983-88 4.9.т.
тық үлесі (сұлы)
Үлгілі құрамы МЕСТ 28674-90 МЕСТ 10940-64
Дәнді- 971641 0731-39 Иісі МЕСТ 7758-75 МЕСТ 10940-90
бұршақ.971611 0713 Түсі МЕСТ 7066-77 МЕСТ 10967-90
ты 971614 Шөп-шалаң және МЕСТ 13213-77 МЕСТ 30483-97
дақыл. 971721 астық қоспасы. МЕСТ 11321-89
дар 971711 ның жалпы және МЕСТ 10418-88
фракциялық құ.
рамда болуы
971631 Құрамындағы МЕСТ 30483-97
ұсақ дән
971651 Зиянкестермен МЕСТ 10419-88 МЕСТ 13586.4-83
972115 залалдануы жәнеМЕСТ 8758-76 ISO 6639-1-3-1986,
зақымдалуы 6639-4-1987
971661 Ылғалдылығы МЕСТ 10417-88 МЕСТ 13586.5-93
Ірілігі МЕСТ 7067-88 ICC 202
МЕСТ 17109-88 МЕСТ 30483-97
Майлы 972114 1207 Түсі МЕСТ 14943-95 МЕСТ 27988-88
дақыл. 972113 Иісі МЕСТ 9159-71 МЕСТ 27988-88
дар 972117 Ылғалдылығы МЕСТ 12095-76 МЕСТ 10856-64
972120 МЕСТ 11549-76 N 09-13-98 МВИ
972112 МЕСТ 10582-76 МЕСТ 10855-64
972124 МЕСТ 12096-76 МЕСТ 10953-88
972127 МЕСТ 12098-76 МЕСТ 10854-88
972123 МЕСТ 12097-76 МЕСТ 10854-88
972111 МЕСТ 22391-89 МЕСТ 10858-77
972911 МЕСТ 10583-76
972116 МЕСТ 14944-69
811120 МЕСТ 17111-88
972231 МЕСТ 5947-68
МЕСТ 9158-76

Ескерту: *) Ұсынылатын көрсеткіш

2-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

N 0000001 САПА СЕРТИФИКАТЫ

"______" __________________ ж. сақтау шарттарын бұзбағанда,

"____" _____________ ж. дейін
жарамды

1. Осы сертификат ________________________________________________________
астық атауы

_____________________
|||||||||||
_____________________
СЭҚ ТН коды

____________________________________________________________________________
астық тұрпаты, тұрпат тармағы, класы

_____________________________________________________________________________
нормативтік құжаттардың атауы

нормативтік құжаттарда белгіленген сапаның талаптарына сәйкестігін растайды.

2. Сапа көрсеткіштері:

2.1. __________________________ 2.11. __________________________

2.2. __________________________ 2.12. __________________________

2.3. ________________________ 2.13. _________________________
2.4. ________________________ 2.15. _________________________
2.5. ________________________ 2.16. _________________________
2.6. ________________________ 2.17. _________________________
2.7. ________________________ 2.18. _________________________
2.8. ________________________ 2.19. _________________________
2.9. ________________________ 2.20. _________________________
2.10. _______________________

3. Ресурстар түрі ______________ 8. Салмағы _____кг. Орындар саны____
4. Жіберуші _____________________ 9. Түсім жылы _____________________
5. Жіберілетін жері ____________ 10. Тағайындалған жері ______________
6. Автокөлік вагон N ___________ 11. Алушы _________________________

7. N __________________ жүкқұжат _____________________________

12. Ерекше белгілері ____________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

Сертификат _______________________________________________________________
тіркеу туралы N ________ куәлік берген астық сапасы жөніндегі органның атауы _____________________________________________________________
__________________________________________________________________________

М.О. Астық сапасы жөніндегі сарапшының қолы

_________________________________________

3-қосымша

_________________________________________

АСТЫҚ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТХАНА

N____________________

тіркеу аттестаты

"____" ___________ ж.

_________________________________________

зертхананың (орталықтың) мекен-жайы

"____" ____________ ж. N____СЫНАҚ ХАТТАМАСЫ

бет.саны _____, ______ бет

"_____" _________________ ж. іріктеу актісімен түскен сынама.

Сынаманы________________________ ______________________________________

(АҚК, элеватордың атауы) (кім)

іріктеген.

Сынаманың Астық деп аталып _______________________________________ сынақ зертханасына түскен күні

Өтініш иесі ____________________________ Партия салмағы ________ тонна

Өтініш иесінің мекен-жайы ________________Сынама салмағы ________кг.

Түсім _________________ _______________ Сорт - _________

Астықтың түрі ___________________________ класс_________

Шығу тегі __________________________________

Сынақ түрі ________________________________

Өнімнің НҚ _______________________________

ЖС коды ___________________________________ СЭҚ ТН ___________________

_____________________________________________________________________________

| Көрсеткіштердің атауы | Сынақ тәсілдерінің НҚ | НҚ бойынша нормалар | Нақты мәні |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Сынақ өткізу шарттары: _______________________________________________

Орындаушы

СО сарапшысы

Зертхана басшысы

_________сынақ зертханасының рұқсатынсыз сынақ хаттамасын толық немесе ішінара қайта басуға тиым салынған.

4-қосымша

_____________________ жатқызылған тұқымның себу сапасын

анықтау үшін орташа сынамалар іріктеу

АКТІСІ

шаруашылықтың (ұйымның), ауданның, облыстың

(республика) атауы

Менің, ____________________________________________________

лауазымы, тегі, аты-жөні, күні, айы

___

арбитраждық талдау жасап, іріктегенде әрбіреуінің ұйымы, лауазымы, тегі, аты-жөні жеке жазылады

қатысуымен тұқым тексеру мен 12036-85 МЕСТ бойынша партияның орташа сынамаларын іріктеу өткізілді.

## 1. ТҰҚЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

___

1. Реттік нөмірі

___

2. Дақыл

___

3. Сорт

___

4. Сорттық құжаттың аты, N және күні

___

5. Сорттық тазалығы, тұрпаттылығы %

___

6. Репродукция

___

7. Түсім жылы

___

8. Партия нөмірі

___

9. Партия салмағы, ц

___

10. Бақылау бірлігінің нөмірі

___

11. Орындар (қаптар) саны

___

12. Тұқым сақтайтын орын, қойма N, қамба

___

13. Қайдан, қашан тұқым алынды,
вагондардың нөмірлері

___

14. Тұқым қалай өңделді

___

15. Партиялар қанша рет талдануда,
соңғы талдау күні және нөмірі

______________________________________________________________________

16. Уландыру өткізілді ме, қандай химикатпен

______________________________________________________________________

17. Сынама қандай талдау үшін іріктелді

______________________________________________________________________

18. Тұқымның тағайындалуы

______________________________________________________________________

Ұсынылған сынамалардың:

______________________________________________________________________

19. Қаптардағы

______________________________________________________________________

20. Бөтелкедегі

______________________________________________________________________

21. Пакеттердегі саны

______________________________________________________________________

2. Сынамалар_________________________________________________тұқымдық сараптама
жіберілді
Сынама іріктеген тұлғаның қолы ______________________________ Комиссия
мүшелерінің қолдары __________________________________________________
Кепілі: партияны араластырудан, ластанудан, өнімділігін кемітуден сақтау,
сондай-ақ арбитраждық сараптама жасаған жағдайда нұсқасын сақтауға

____________________

____________________________________________ кепілдік етеді
(шаруашылықтың, ұйымның атауы)
Сақтауға жауапты тұлғаның қолы ________________________________
Бақылау бірліктерін орналастыру тәсімі

5-қосымша

Тұқымдық сараптама
штампы

N ______ тұқымның сапа шартына сай екендігі туралы

КУӘЛІК

__________________ дейін жарамды
күні, айы, жылы

______________________________________________________________________

ауыл шаруашылығы кәсіпорнының, ұйымның атауы, орналасқан жері

______________________________________________________________________

________________________________________________________________

сақталатын бригаданың, шаруашылық бөлімшесінің N

2001 жылғы _______________ N______актімен талдауға ұсынылған 2001 жылғы түсімді N________ фракцияның салмағы_________центнер _________________ репродукциялаудан алынған тұқымның ________________________________ N____

тұқым, сорт

партиясына берілді.

Орындар (қаптар) саны, N______ қойма, N______ қамба, N______ вагон үйіндісімен.

Тұқымның тағайындалуы ________________________________________________

Тұқымның сапасы _______________________________________ класқа сәйкес

жазбаша

ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Тазалығы ________________ %
соның ішінде _______________ %
2. Қалдығы,барлығы _________ %
соның ішінде басым топтар
_____________________________ %
____________________________%
3. Басқа өсімдіктердің тұқымы____
(1 кг. немесе %)
4. Азықтық басқа шөптер тұқымы
_____________________________ %

5. Басқа дақылдар тұқымының (1кг. немесе % данасы) __________________
6. Арам шөптердің тұқымы, барлығы (1кг.немесе % данасы) соның ішінде:
аса зиянды арам шөптердің тұқымы (азықтық шөп.үшін 1кг. данасы)
__________________________________ %
б) сырғақ бидайық тұқымы (1к.дан.)
______________________________
7. Қаракүйенің пайда болуы ______ %
8. Склероцилер ____________%

9. Өну энергиясы ___________ %
10. Өнгіштігі _______________%
оның ішінде қаттысы ________ %
Өну жағдайы_______________ %
11. Тіршілікке икемділігі ___%
Анықтау әдісі ______________%
12. Егуге жарамдылығы ______ %

13. Ылғалдылығы ____________ %
14. 1000 тұқымның салмағы _____ г.
15. Аурулармен зақымдалуы (тұқым мынадай әдіспен талдағанда жаз. :
центрифугалау___ дана немесе
биологиялық ______________
16. Зиянкестердің болуы ______

17. Тұқым сынамасын сырттай тексеру деректері: түсі әдеттегі

қарайған

иісі әдеттегі

көгерген

18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:

басқа дақылдар тұқымының _______________________________

атауы

арам шөптер тұқымының __________________________________

атауы

19. Басқа анықтамалар ____________________________________

Ұсыныстар

М.О.

Тұқым сараптамасының тұқым
шаруашылығы жөніндегі маманы ________________________
қолы

6-қосымша

Тұқымдық сараптама
штампы

N ______ ТҰҚЫМ ТАЛДАУЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

_____________________________________________________________________
ауыл шаруашылығы кәсіпорнының, ұйымының атауы, орналасқан жері

_______________________ жылғы түсімді ______________ репродукциялаудан алынған, салмағы ____________ центнер, 2001 жылғы __________N__________ актімен талдауға ұсынылған N№________фракцияның __________________________________________________ сақталатын тұқымның бригада, шаруашылық бөлімшесінің N __№
N __ партиясына берілді.

Орындар (қаптар) саны N ____қойма, N _____ қамба, N ____ вагон үйіндісімен
Тұқымның тағайындалуы ________________________________________________

ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Тазалығы ___________________ %
соның ішінде __________________ %
_______________________________ %
2. Қалдығы, барлығы __________ %
соның ішінде басым топтар: ______
________________________________%
3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары
(1 кг. немесе % дана)
4. Басқа азықтық шөптердің тұқым-дары_____________________________ %
5. Басқа дақылдардың тұқымдары
(1 кг. немесе % дана)
6. Арам шөптердің тұқымдары
барлығы,(1 кг. немесе % дана)

в) карантиндік арамшөптердің тұқымдары
(1кг. данасы)_____________________
г) улы арам шөптердің тұқымдары
(1 кг. данасы)____________________
7. Қаракүйенің болуы _______________ %
8. Склероцилер ____________________ %
9. Бидайдың жұмыр құрт ауруының галдары
(1 кг. данасы)_____________________
10. Өну энергиясы ___________________ %
11. Өнгіштігі ________________________ %
соның ішінде қатты бидайдың ________ %
Өсіру шарттары ____________________ %
12. Тіршілікке икемділігі____________ %
Анықталу әдістері __________________

соның ішінде: 13. Ылғалдылығы ___________________ %
а) аса зиянды арам шөптердің 14. 1000 тұқымның салмағы __________ г.
тұқымдары____________________ 15. Аурулармен зақымдалуы
азықтық шөптер үшін 1 кг. данасы ______________________________________
б) сырғақ бидайықтың тұқымдары тұқымды мынадай
(1 кг. данасы) әдіспен талдағанда
жазылады:
центрифугалау _____________ дана 16. Зиянкестердің болуы
биологиялық __________________ % _____________________
17. Тұқым сынамасын сыртқы тексерісінің деректері:
Түсі әдеттегі Иісі әдеттегі
қарайған борсыған
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
Басқа дақылдар тұқымдарының ___________________________________________
атауы
арам шөптер тұқымдарының _____________________________________________
атауы
19. Басқа анықтамалар: ___________________________________________________
Қорытындылар мен ұсыныстар
Толық немесе толық емес талдаулар жасағанда: Толық емес талдау анықтағанда:
____________________________ бойынша тұқымдар
(талдау жасаған көрсеткіш, атауы)

_____________________________________________________

Мынадай көрсеткіштер Талдау жасағанда Стандартпен
бойынша сапа шартта. белгіленді белгіленді
рына сай емес тұқым.
дар

_____________________________________________________

Стандарт талаптарына сәйкес
Тұқым ________________ және толық талдануға жатады
дайындау түрі
М.О Тұқым сараптамасының тұқым шаруашылығы
жөніндегі бас маманы ________________________
қолы

7-қосымша

"Тұқымның сапа шартына сай келгендігі туралы куәлікті"
бергенде расталуға жатқызылған көрсеткіштердің тізбесі

| Зерттелетін дақыл тұқымдардың атауы | Зерттеу немесе анықталатын сипаттама түрлері | Тұқым сапасына қойылатын талаптарды реттейтін шифр, НТҚ атауы | Зерттеу әдіснамасын реттейтін шифр, НТҚ атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Дәнді дақылдар | Тазалығын анықтау | МЕСТ 10467-76 | МЕСТ 12037-81 |
| | 1000 дәннің салмағын анықтау | МЕСТ 10468-76 | МЕСТ 12042-80 |
| | Өнгіштігін анықтау | МЕСТ 10469-76 | МЕСТ 12038-84 |
| | Ылғалдығын анықтау | МЕСТ 10470-76 | МЕСТ 12041-82 |
| | Зиянкестердің болуын анықтау | МЕСТ 12045-97 | |
| | Аурулармен залалдануын анықтау | МЕСТ 20582-86 | МЕСТ 12045-97 |
| | Тіршілікке икемділігін анықтау | МЕСТ 10249-90 | МЕСТ 12044-93 |
| | Түпнұсқалылығын анықтау | МЕСТ 10250-80 | МЕСТ 12039-82 |
| | | МЕСТ 11229-89 | МЕСТ 12043-88 |
| Дәнді-бұршақты дақылдар | Тазалығын анықтау | | МЕСТ 12037-81 |
| | 1000 дәннің салмағын анықтау | МЕСТ 10246-86 | МЕСТ 12042-80 |
| | | МЕСТ 11230-95 | МЕСТ 12038-84 |
| | Өнгіштігін анықтау | МЕСТ 10248-85 | МЕСТ 12041-82 |
| | Ылғалдығын анықтау | МЕСТ 10253-85 | МЕСТ 12045-97 |
| | Зиянкестердің болуын анықтау | МЕСТ 11226-82 | МЕСТ 12044-93 |
| | | | МЕСТ-12039-82 |
| | Аурулармен залалдануын анықтау | | МЕСТ-12043-88 |
| Майлы дақылдар | | | МЕСТ-12037-81 |
| | Тіршілікке икемділігін анықтау | МЕСТ 9576-84 | МЕСТ 12042-80 |
| | | МЕСТ 9824-87 | МЕСТ 12038-84 |
| | Түпнұсқалылығын анықтау | МЕСТ 9672-87 | МЕСТ 12041-82 |
| | | МЕСТ 9670-89 | МЕСТ 12045-97 |
| | Тазалығын анықтау | МЕСТ 9669-75 | МЕСТ 12044-93 |
| | 1000 дәннің салмағын анықтау | МЕСТ 9668-75 | МЕСТ 12039-82 |
| | | | МЕСТ 12043-88 |
| | Өнгіштігін анықтау | | |

Ылғалдығын анықтау
Зиянкестердің болуын
анықтау
Аурулармен залалдануын
анықтау
Тіршілікке икемділігін
анықтау
Түпнұсқалылығын анықтау

---

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
2001 жылғы 19 наурыздағы
N 64 бұйрығымен
бекітілген

## Астық сертификаттау жөніндегі органды, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды (орталықтарды) тіркеудің ережесі

Астық сертификаттау жөніндегі органды, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды (орталықтарды) тіркеудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және астық сертификаттау жөніндегі органдарды және астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды тіркеу жөніндегі жалпы тәртіпті және талаптарды белгілейді.

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі түсініктер қолданылады:

тіркеу - ұйымның немесе сынақ зертханасының астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі орган ретінде жұмысты жүзеге асыруға құқықтылығын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Ауылшармині) тануы;

тіркеу алдындағы зерттеу - өтініш иесінің белгіленген талаптарға, берілген құжаттарға нақты сәйкестілігін және тіркеудің өтініш берілген саласында сертификаттау жөніндегі жұмысты орындауға қабілеттілігін анықтау;

қызмет көрсету аймағы - астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі қызметтер ұсыну жүзеге асырылатын аумақ (облыс, аудан, қала);

сынақ (зерттеу) - астық (тұқым) сапасының бір немесе бірнеше сипатын анықтауға бағытталған зертханалық жұмыстар;

сарапшылыққа кандидат - сарапшы ретінде аттестаттау үшін тіркеу жөніндегі комиссияға барлық қажетті құжаттарды берген маман;

тіркеу жөніндегі комиссия - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен астық сертификаттау жөніндегі органды, астық ( тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды (орталықтарды) тіркеуді жүргізу үшін құрылған комиссия;

астық сапасы жөніндегі зертхана - нормативтік құжаттың талаптарына сәйкестікке арнап астық сапасының сынағын жүргізетін сынақ зертханасы;

тұқым сапасы жөніндегі зертхана - тұқымның сорттық және себілу сапасының сынағын жүргізетін сынақ зертханасы;

зертханааралық салыстыру - жүргізілетін сынақтардың сапасын және олардың нәтижелерін бағалау мақсатында алдын ала белгіленген шарттарға сәйкес бір немесе бірнеше зертхананың астықтың бірдей немесе ұқсас сынамаларын сынақтан өткізуі;

сынақ әдістері - сынақ өткізудің белгіленген техникалық ережесі;

тіркеу саласы - астық сертификаттау жөніндегі орган немесе сынақ зертханасы жүзеге асыратын астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі жұмыстардың түрлері;

астық сертификаттау жөніндегі орган - астық сапасын сертификаттау жөніндегі жұмысты жүргізуге тіркелген, сапа сертификатын беруге құқылы заңды тұлға;

сынама - белгіленген талаптарға сәйкестікке арнап сынақтан өткізу үшін астықтың (тұқымның) партияларынан бөлініп алынған астықтың (тұқымның) белгілі бөлігі;

сынақтар өткізудің сапасын тексеру - зертхана ішіндегі немесе зертханааралық салыстыру жағдайында осы зертхананың анық нәтижелер беру

қабілетін анықтау;

сынақ хаттамасы - сынақтың нәтижесі мен сынаққа қатысты басқа ақпарат жазылған құжат;

тізілім - Ауылшармині тіркеген астық сертификаттау жөніндегі органдардың немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың тізбесі;

тіркеу туралы куәлік - органның астық сертификаттау жөніндегі қызметті ұсынуға, сынақ зертханасының астық (тұқым) сапасын сынақтан өткізуді ( зерттеуді) жүргізуге құқығын куәлендіретін құжат;

сарапшы - астық (тұқым) сапасын сертификаттауды жүргізу үшін осы Ережемен белгіленген тәртіппен аттестатталған маман;

сараптама қорытындысы - материал сараптамасының нәтижелері және тіркеу зерттеуінің негізінде, өтініш берушінің тіркеуге дайын екендігін анықтау;

материал сараптамасы - өтініш беруші берген құжаттардың астық сертификаттау жөніндегі органдарға және астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларға қойылатын осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау.

## 2. Астық сертификаттау жөніндегі органдар мен астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды тіркеудің тәртібі

2. Астық сертификаттау жөніндегі органдар мен астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды тіркеуді Ауылшармині жүргізеді.

3. Тіркеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін Ауылшарминінің бұйрығымен тіркеу жөніндегі комиссия құрылады. Комиссия құрамына Ауылшарминінің мамандары кіреді. Комиссия сараптама қорытындысын беру үшін астық сертификаттау жөніндегі органдардың және астық (тұқым) сапасы жөніндегі сынақтық зертханалардың мамандарын (бұдан әрі - Маман) қатыстыруға құқылы.

4. Астық сертификаттау жөніндегі орган мен астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды тіркеуден үміткер өтініш беруші өтінішті (1, 2-қосымшалар) және құжаттар жиынтығын үш данадан Ауылшарминіне жолдайды.

5. Өтініш берушінің Ауылшарминіне жолдайтын құжаттарының жиынтығына мыналар енгізілуі тиіс:

1) астық сертификаттау жөніндегі орган және астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалар туралы ереже;

2) өтініш берілген тіркеу саласы (3, 4, 5-қосымшалар);

3) сапа жөніндегі басшылық;

4) зертхананың төлқұжаты (6-қосымша, 1-9 нысандар);

5) астық сертификаттау жөніндегі орган немесе астық (тұқым) сапасы

жөніндегі зертханалар құрамына енетін ұйымның ұйымдық-құқықтық мәртебесін белгілейтін құжаттардың нотариалдық куәлендірілген көшірмелері.

6. Жиынтығы толық болмаған және дұрыс ресімделмеген құжаттар қабылдауға жатпайды.

7. Комиссия сараптама қорытындысын алу үшін, түскен тапсырысты қатыстырылған мамандарға жолдайды.

8. Мамандар:

1) нәтижелері бойынша белгіленген нысандағы (6-Қосымша) акт ресімделетін тіркеу материалдарының сараптамасын;

2) тіркеу алдындағы зерттеуді жүргізеді.

9. Өтініш берушінің осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес емес екендігі анықталғанда мамандар оларды жоюды ұсынады. Ұсынымдар орындалғаннан кейін қосымша зерттеу жүргізіледі.

10. Зерттеу нәтижелерінде мақұлданғанда маман тіркеу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар жиынтығымен бірге Комиссияға берілетін сараптама қорытындысын (8, 9-Қосымшалар) жасайды.

11. Комиссия келіп түскен материалдарды қарайды және тіркеу, тіркеуден бас тарту туралы немесе қосымша ақпарат алу қажеттігі туралы шешім қабылдап бұл туралы өтініш иесіне хабарлайды.

12. Мақұлдаған шешім қабылданғанда Комиссия:

1) тіркеу саласын бекітуге;

2) белгіленген үлгідегі тіркеу туралы куәлікті (10, 11, 12-Қосымшалар) ресімдеуге;

3) Ауылшарминінің тіркелген астық сертификаттау жөніндегі органдарының немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларының тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) тіркеуге міндетті.

13. Мақұлдамаған шешім қабылданғанда Комиссия тіркеуден бас тарту туралы өтініш иесіне хабарлайды және бас тартудың себептерін дәлелдеп өтініштік құжаттарды қайтарып береді.

14. Тіркеу туралы тіркелген куәлік пен бекітілген құжаттар өтініш иесіне жолданады.

15. Астық сертификаттау жөніндегі органды немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды тіркеу туралы куәліктің мерзімі үш жыл мерзімге белгіленеді.

16. Тіркеу туралы куәліктің мерзімі аяқталудан ең кемінде үш ай бұрын өтініш иесі осы Ережеге сәйкес кезекті тіркеу өткізуге арнап жаңғыртылған құжаттардың жиынтығымен бірге тапсырыс бере алады. Егер қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кезекті тіркеу өткізілмесе, өтініш иесі тізілімнен шығарылады.

17. Астық сертификаттау жөніндегі органның немесе астық (тұқым) сапасы

жөніндегі зертханалардың ұйымдық-құқықтық нысаны, тұрған жері, атауы өзгергенде олар бір айдан аспайтын мерзімде тіркеу жөніндегі құжаттардың жиынтығына енгізілген өзгерістер туралы қосымшаларды Ауылшарминге беруге міндетті.

18. Жұмысқа наразылықтар болмаса Комиссия (бір айдан аспайтын мерзімде) тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы шешім қабылдайды.

19. Қайта ресімделген тіркеу туралы куәлікті қолдану мерзімінің ұзақтығы бұрын берілген тіркеу туралы куәлікпен белгіленген мерзімнен артық болмауы тиіс.

## 3. Астық сертификаттау жөніндегі органдарға қойылатын талаптар

20. Өнімнің өндірушілеріне, жеткізушілері мен тұтынушыларына тәуелді емес (қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғаларға және осы қызметтердің тұтынушыларына тәуелді емес), осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес келетін меншіктің барлық нысанындағы заңды және жеке тұлғалар астық сертификаттау жөніндегі орган бола алады.

21. Сертификаттау жөніндегі жұмысты, астық сертификаттау жөніндегі органдардың осы Ережемен белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдары мен өкілдіктері атқара алады.

22. Астық сертификаттау жөніндегі органдар, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымдарында тиісті облыстағы ауданның шекарасында орналасқан жері бойынша сынақтарды жүргізуге мүмкіндік беретін, Ауылшармині бекіткен талаптарға сәйкес астық сапасын сынақтан өткізу құқығына арнап тіркелген өздерінің облыстық, аудандық астық сапасы жөніндегі зертханалары болуы тиіс.

23. Астық сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар сертификаттау, тіркеу саласы жөніндегі орган туралы ереженің және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес бекітілген немесе республикада танылған нормативтік құжаттардың негізінде іс-әрекет жасайды.

24. Астық сертификаттау жөніндегі орган:

1) астық сертификаттау ережесінің сақталуын;

2) шағым беру және оларды қарау процедураларының сақталуын;

3) сертификаттау жөніндегі жұмыс жүргізуде алынатын және өтініш берушінің коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді (өнім тұтынушылардың денсаулығына, олардың мүлкіне және қоршаған ортаға нұқсан келтіретін жағдайларды қоспағанда).

25. Астық сертификаттаудың нәтижелеріне сенім болуын қамтамасыз ету үшін астық сертификаттау жөніндегі орган мынадай критерийлерге сәйкес болуы

тиіс:

1) сертификаттау жөніндегі органның тәуелсіздігі;

2) сертификаттау жөніндегі міндеттердің толық орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру құрылымдарының болуы;

3) өнім сапасының жүйелеріне, астық сертификаттауда пайдаланылатын сынақтардың әдістеріне қойылатын талаптарды реттемелейтін нормативтік құжаттардың болуы;

4) астық сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті құзыреті бар тұрақты штаттағы персонал;

5) Ауылшарминінің талап етуі бойынша, астық сертификаттау жөнінде қызметтер көрсетудегі өзінің кәсіптік мүмкіндіктерін қажетті дәрежеде көрсете алатын қабілетінің болуы.

26. Сертификаттау жөніндегі орган өнімді өндірушілерге (жеткізушілерге) және тапсырыс берушілерге (тұтынушыларға) әкімшілік, экономикалық және заңдық тұрғыдан тәуелді болмауы тиіс.

27. Сертификаттау жөніндегі органда:

1) сертификатталатын өнімнің жеткізушілерімен немесе тұтынушыларымен бірлескен коммерциялық мүдденің;

2) астықты өндіру және сату саласындағы шаруашылық қызметтің болмауы тәуелсіздікті қамтамасыз етудің міндетті шарттары болып табылады.

28. Астық сертификаттау жөніндегі орган:

1) осы талаптарға өзінің сәйкестігін тұрақты сақтауға;

2) астық сертификаттауды, сертификаттау саласына сәйкес жүргізуге;

3) белгіленген үлгідегі сапа сертификаттарын беруге;

4) қатаң есептемелік бланкілердің есебін және сақталуын қамтамасыз етуге;

5) өзінің қызметі туралы ақпарат пен есептік мәліметті Ауылшарминіне беріп тұруға, құрылымдық және сапалық өзгерістер, сондай-ақ заңды мекен-жай мен төлем реквизиттерінің өзгеруі туралы уақытылы хабарлап тұруға;

6) өзінің қызметіне Ауылшармині бақылау жүргізу үшін қажетті жағдай жасау, қажетті құжаттарды беру, жүргізілген ішкі тексерістердің нәтижелерімен таныстыруға;

7) тіркеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру туралы Ауылшарминінің шешімін алған күннен бастап астық сертификаттау жөніндегі қызметін тоқтата тұруға;

8) тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталғанда немесе тіркеу туралы куәліктің күшін жою туралы Ауылшарминінің шешімі бойынша астық сертификаттау жөніндегі қызметін тоқтата тұруға міндетті.

29. Астық сертификаттау жөніндегі орган туралы ережеде:
негізгі міндеттер;
ұйымдастыру құрылымы;
құқықтар мен міндеттер;
жауапкершілік;
басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл көрсетілген болуы тиіс.

30. Астық сертификаттау жөніндегі орган туралы ережені оның басшысы бекітеді.

31. Астық сертификаттау жөніндегі органның ұйымдық құрылымы қызмет аймағындағы сертификаттау процедуралары мен оның басқару функцияларын орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

32. Тіркеу және астық сертификаттау жөніндегі органның қызметін бақылау кезінде онда мынадай құжаттар болуға және көрсетілуге тиіс:

1) ұйымның ұйымдық құрылымы мен міндеттерін белгілейтін құжаттар;

2) астық сертификаттаудың тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттар;

3) оның ұйымдық-құқықтық нысанын белгілейтін құжаттар - Жарғы және Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

4) астық сертификаттау жөніндегі органды қаржыландыру көздері туралы және оның тіркелген астықтың өндірушілері (сатушылары) мен тұтынушыларынан (алушыларынан) экономикалық тәуелсіздігін растайтын мәліметтер бар құжаттар.

33. Астық сертификаттау жөніндегі органның, сертификаттау нәтижелеріне коммерциялық мүдделі тұлғалардың бақылауынан тыс тұрақты персоналы болуы тиіс. Сонымен бірге, астық сертификаттау жөніндегі орган 13-Қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандар туралы мәліметті Ауылшарминіне беріп тұруы тиіс.

34. Астық сертификаттау жөніндегі орган персоналының өз қызметі саласында қажетті құзыреті, тиісті дайындығы, тіркеудің өтініш берілген саласында практикалық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

35. Астық сертификаттау жөніндегі орган персоналды оқытуды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуі, әрбір маманның, сондай-ақ сарапшылардың біліктілігі, оқытылуы және кәсіптік тәжірибесі туралы мәліметтердің есебін жүргізуі тиіс.

36. Астықты сертификаттау, сынақтан өткізу жөніндегі жұмыстарды тікелей жүзеге асыратын мамандар осы Ереженің біліктілік талаптарына сәйкес келетін сарапшылар болуы тиіс.

37. Астық сертификаттау жөніндегі органның барлық қызметкерлері өздерінің қызметтерін олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері айқын белгіленген лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырады.

38. Астық сертификаттау жөніндегі органның, астық сертификаттауда пайдаланылатын құжаттаманы бақылайтын жүйесі болуы және:

қолданылып жүрген құжаттаманың жұмыс орындарында болуын;

астық сертификаттауда пайдаланылатын нормативтік құжаттаманы уақытылы актуалдандыруды;

сапа жүйесін мемлекеттік бақылауда анықталған кемшіліктерді жою жөнінде қауырт шаралар қолдануды жүргізу мақсатында сапа жүйесінің құжаттарына дәлелденген өзгерістер мен толықтырулар енгізуді;

астық сертификаттау жөніндегі органның өзінде де, оның құрылымдық бөлімшелерінде де ескірген құжаттамалардың алынуын қамтамасыз етуі тиіс.

39. Астық сертификаттау жөніндегі орган өзінің қызметінде мынадай құжаттарды басшылыққа алады және олар органда міндетті түрде болуы тиіс:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің нормативтік құжаттары;

Ауылшармині белгілеген тәртіппен қолдану үшін Қазақстан Республикасында бекітілген және танылған және тіркеу саласына сәйкес астыққа , оны сынақтан өткізудің әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттар;

астық сертификаттау жөніндегі осы органның сапа жүйесін анықтайтын ұйымдық-әдістемелік құжаттар;

сертификаттау саласындағы мемлекетаралық және ұлттық стандарттар;

тіркеу саласына сәйкес талаптарды белгілейтін, халықаралық және шетелдердің ұлттық нормативтік құжаттары.

40. Сапа жүйесі жөніндегі құжаттардың жиынтығына мынадай негізгі құжаттар енгізілуі тиіс:

сертификаттау жөніндегі орган туралы ереже;

сапа жөніндегі басшылық;

мамандардың әрбір санатына арналған лауазымдық нұсқаулықтар;

маманды аттестаттауды растайтын құжаттар.

41. Сапа жөніндегі басшылықта:

сапа саласындағы саясат туралы мәлімдеме;

астық сертификаттау жөніндегі органның басшылары мен мамандары тегі мен аты-жөні, біліктілігі, практикалық жұмыс тәжірибесі және құзыреті туралы мәліметтер;

сертификаттау және сертификаттық сынақтар саласында еңбек ететін персоналдың біліктілігін арттыру туралы нақты мәліметтер;

персоналдың бағыныштылығын, жауапкершілігін және міндеттерді бөлісуін көрсететін ұйымдық сызба;

қолданылып жүрген нормативтік құжаттардағы, астық сертификаттаудың кезеңдерін жүргізу процедурасы;

сертификаттау кезінде астықты сынақтан өткізудің нәтижелерін бағалау процедурасы;

нормативтік құжаттар қоры туралы, оны актуалдандырудың процедурасы нақты көрсетілген мәліметтер;

сапа сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, күшін жою, ауыстыру процедурасы;

шағымдардың берілуінің және қаралуының тәртібі;

ақпарат құпиялығын қамтамасыз ету процедурасы;

астық сертификаттау жөніндегі осы органның қызметін ішкі тексерудің тәртібі;

архив жүргізудің тәртібі;

Ауылшарминінің шешімі бойынша қызметті тоқтата тұру процедурасы;

өзінің бастамасы бойынша немесе тіркеу туралы куәліктің күшін жою туралы Ауылшарминінің шешіміне сәйкес қызметін тоқтату процедурасы.

42. Қажет болған жағдайда, сапа жөніндегі басшылыққа басқа да процедуралар мен мәліметтер енгізілуі мүмкін.

43. Сапа жүйесінің қызметіне қойылатын талаптар:

1) астық сертификаттау жөніндегі органның сапа жүйесінің қызметі үшін жауапты лауазымды адамның болуы;

2) сапа жүйесінің қызметіне кезеңдік тексерістер жүргізіп тұру;

3) сапа жүйесінің тиімділігін талдау және бағалау;

4) сапа жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру.

44. Астық сертификаттау жөніндегі орган өтініш берушілерді, астық

сертификаттау процедуралары мен олардың нәтижелерін тіркеуді жүзеге асырады, өзінің қызметі туралы ақпараттың толықтығын және объективтілігін қамтамасыз етеді.

45. Астық сертификаттау жөніндегі орган, астық сертификаттауға қатысты құжаттар мен материалдардың, тапсырыстардың, сынақ хаттамаларының, сертификаттардың, келіп түскен шағымдардың және олар жөнінде қабылданған шешімдердің көшірмелерінің үш жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

46. Сертификаттау жөніндегі органның қызметі тоқтатылғаннан кейін, соңғы үш жылдағы астық сертификаттауды растайтын құжаттар мен материалдар Ауылшарминге беріледі.

## 4. Астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптар

47. Астық (тұқым) өндірушілерге, жеткізушілерге және олардың тұтынушыларына тәуелді емес (қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғаларға және осы қызметтердің тұтынушыларына тәуелді емес), астық (тұқым ) сапасы жөніндегі зертханаларға қойылатын осы талаптарға сәйкес келетін заңды және жеке тұлғалар астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаларды құра алады.

48. Астық сапасы жөніндегі зертханалар, астық сапасын сертификаттық сынақтан өткізуге арнап тіркеуге жататын облыстық және аудандық болып бөлінеді.

49. Астық сапасы жөніндегі облыстық тіркеу зертханасының өзінің құрылымында тіркелген аудандық зертханалары (орталықтары) болуы тиіс.

50. Астық сапасы жөніндегі облыстық тіркеу зертханасы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген Астық ( тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесіне сәйкес сынақтардың толық көлемін қамтамасыз етуі тиіс.

51. Астық сапасы жөніндегі аудандық тіркеу зертханасы астықты сертификаттық сынақтан өткізу құқығына арнап тіркеледі, Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесіне сәйкес 75 %-тен кем емес көлемде сапа сертификаттарын беру үшін сынақ жүргізуге мүмкіндігі бар зертхана тиісті облыстың ауданы шекарасындағы тұрған жерінде тіркеледі.

52. Тұқым сапасы жөніндегі аудандық тіркеу зертханасы тиісті облыстың

ауданы шекарасындағы өзінің тұрған жерінде сапа шартына сай екендігі туралы құжаттар беріп, дәнді дақылдардың, бұршақ тұқымдастар мен майлы

дақылдардың тұқымдарын зерттеуді жүргізеді.

53. Астық сапасын зертханада сертификаттық сынақтан өткізу кезінде сертификаттау жөніндегі орган өкілінің қатысуы және оның сынақ хаттамаларына қол қоюы міндетті.

54. Астық (тұқым) сапасын сертификаттау жөніндегі тіркелген зертхана туралы ережеде мыналар көрсетілуі тиіс:

негізгі міндеттер;

ұйымдық құрылым;

жауапкершілік;

басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл.

Тіркелген зертхана туралы ережені ұйымның басшысы бекітеді.

55. Тіркелген зертхана және оның персоналы орындалатын сынақтардың нәтижесіне әсер ететіндей қаржылық, әкімшілік және басқа қысымға ұшырамауға тиіс.

56. Зертханада:

әрбір қызметкер үшін оның қызметінің нақты саласын және

уәкілеттілігінің, міндеттері мен жауапкершілігінің шеңберін қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым;

сынақтар өткізуге байланысты техникалық міндеттердің барлығының орындалуы үшін жауапты адам;

зертхана сапасын басқару жүйесінің жұмыс істеуі үшін жауапты адам болуы тиіс.

57. Зертханада оның типіне және орындалатын жұмыстардың көлеміне сәйкес сапаны басқару жүйесі болуы тиіс. Бұл жүйенің элементтері сапа жөніндегі басшылыққа енгізілуі тиіс.

58. Сапа жөніндегі басшылықта:

астық (тұқым) сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат;

персоналдың бағыныштылығын көрсететін, зертхананың ұйымдық сызбасы;

міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлісу;

сапаны қамтамасыз етудің жалпы процедурасы;

әрбір сынақты өткізгенде сапаны қамтамасыз етудің процедурасы;

сынақтардың нәтижелерінің сапасын ішкі оперативтік және статистикалық

бақылаудың әдістері (жинақтылық, өндірімділік, дұрыстық және дәлдік);
егер қажет болса, стандарттық үлгілердің қолданылуы туралы мәліметтер (үлгілік заттар, бақылау үлгілері және т.б.);
кері байланыс ұйымдастыру және сынақ процесінде сәйкессіздік анықталғанда үйлестіруші ықпал ететін көмек;
ішкі тексерістерді, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің қызметін жүргізудің тәртібі;
нормативтік құжаттар қоры туралы мәліметтер, қорды басқарудың процедурасы және оны актуалдандыру тәртібі;
өлшеуіш құралдарды тексерудің және сынақ құрал-жабдықтарын аттестаттауды қамтамасыз етудің тәртібі;
астықтың (тұқымның) келіп түсуі және сынамалардан өтуі;
шағымдарды қарау процедурасы;
құжаттарды сақтаудың тәртібі мен мерзімдері;
тіркеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұрған (күшін жойған) жағдайда қызметті тоқтату процедурасы;
өзгерістерді тіркеу парағы болуы тиіс.

59. Өткізілетін үйлестіру ықпалдарының тұрақты тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында сапа жөніндегі басшылық уақытылы актуалдануға жатады, қосымша мәліметтер әзірлеушінің бастамасы бойынша енгізілуі мүмкін.
60. Сапа жүйесінің ішкі тексерістері мен үйлестіруші ықпалдар тіркеліп, персоналға мәлімденеді.
61. Зертхананың, астық сынағын өткізу үшін тиісті білімі мен біліктілігі бар штаттық қызметкерлерінің саны жеткілікті болуы тиіс.
62. Зертханада мамандардың біліктілігін, практикалық тәжірибесін және оқытылуын растайтын қажетті құжаттар болуы тиіс.
63. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің әрбір санатында, білімінің дәрежесіне, техникалық біліміне, сапаны басқару жүйесіндегі жұмыс тәжірибесі мен жауапкершілік деңгейіне қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар болуы тиіс.
64. Зертхананың басшысы мамандарды оқытуды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

65. Зертхананың мамандары белгіленген тәртіппен, ең кемінде жыл сайын бір рет кезеңдік аттестаттаудан өтуі тиіс.

66. Мемлекеттік және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес өлшеуіш құралдармен, оның ішінде стандарттық үлгілермен, тіркеудің өтініш берілген саласына сәйкес қолданылатын сынақтың әдістеріне нормативтік құжаттарға сәйкес шығыс материалдарымен қанағаттандыруға тиіс қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жабдықталуы тиіс.

67. Зертхана басқа ұйымдардың құралдары мен өлшеуіш аспаптарын пайдалануға құқылы емес.

68. Сынақ құралдары мен өлшеуіш аспаптарды қолданудың тәртібі мен шарттары өлшемдердің және пайдалану құжаттарының бірыңғайлығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттамаға мамандардың қолы жететін болуы тиіс.

69. Ақаулы немесе сынақ нәтижесі күмәнді болған құрал-жабдықтар мен өлшеуіш аспаптар қолданыстан алынуы және жарамсыздығын көрсететін заттаңбасы болуы тиіс. Мұндай құрал-жабдықтар, өлшеуіш құралдар арнайы бөлінген орында сақталуға немесе одан әрі қолдануға мүмкіндік бермейтін әдіспен мөрленуге тиіс.

70. Құрал-жабдықтың және оның техникалық ахуалының есебін жүргізу мақсатында мынадай мәліметтер арнайы кітапта тіркелуі тиіс:

1) атауы, түрі, тұрпаты (маркасы);

2) дайындаушы-кәсіпорын (фирма), зауыттық және мүкәммалдық нөмірі;

3) алынған және пайдалануға берілген күні;

4) алынған сәттегі жай-күйі (жаңа, қолданылған, жөнделген және т.б.);

5) тұрған жері (қажет болғанда;)

6) ақаулары, жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

71. Ықпал етуші факторларды нормаланған дәлдікпен жаңғыртатын сынақ құралының және өлшеуіш аспаптардың әрбір бірлігінде түгендеу немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаты (куәлігі, таңбасы) болуы тиіс. Құралда соңғы түгендеудің күні мен құжаттың қолданылу мерзімі көрсетілген заттаңба ілінуі тиіс.

72. Сынақ өткізілетін қоршаған ортаның жағдайы сынақ нәтижелерінің айқындығын және өлшемдердің нормаланған ауытқуын қамтамасыз етуі тиіс. Сынақ өткізілетін жай сынақтың нәтижесіне ықпал ететін факторлардан (жайдың температурасы, шаңдануы, шу, дірілдеу, электрлік магниттік қозу және т.б.) қорғалынған болуы, санитарлық-гигиеналық талаптарға, еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың нормалары мен ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

73. Зертхана орналасқан жайлар: ыстық және суық су, канализация, жылу,

электрмен жабдықтау, желдету және т.б. сынақ процедураларын реттемелейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сынақ өткізуде қажетті инженерлік-коммуникативтік жүйелермен жабдықталған болуы, зертхананың персоналы емес адамдардың жайға келуіне рұқсат берудің шарттары белгіленген болуы тиіс. Зертханада персоналға және келушілерге

арналған арнайы киім болуы тиіс.

74. Сынамаларды алу, тіркеу, өту, сақтау, қайтару (кәдеге жарату) нормативтік құжаттардың талаптарын ескеріп, сапа жөніндегі басшылықпен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

75. Келіп түскен сынамалармен бірге белгіленген нысандағы таңдап алу актісі болуы тиіс.

76. Сынаманы тасымалдаудың, сынаққа дайындаудың, сақтаудың барлық кезеңдерінде сынақ өткізуге, ақпараттың құпиялығын сақтауға қажетті жағдай қамтамасыз етілуі тиіс.

77. Зертханада:

1) нормативтік құжаттар;

астық сертификаттауда қолданылатын құқықтық, ұйымдық-әдістемелік және нормативтік құжаттар, оның ішінде Астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың ережесі;

сынақ құралдары мен өлшеуіш аспаптарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі техникалық және (немесе) пайдалануға арналған құжаттар;

2) есеп құжаттары:

өлшеуіш құралдарды түгендеу (калибрлеу) туралы куәлендіретін құжаттар;

сынақтардың хаттамалары;

шағымдардың есеп кітаптары;

сынақтарды және үйлестіруші ықпал ететін шаралар өткізудің сапасын тексерудің есеп кітаптары;

3) зертхананың сынақ жүргізуші персоналы бойынша құжаттар:

лауазымдық нұсқаулықтар;

жеке істер;

аттестаттау материалдары.

78. Зертхананың жұмысында пайдаланылатын барлық стандарттар, басшылықтар, нұсқаулықтар, анықтамалық мәліметтер актуалданған және

мамандардың қолы жететін болуы тиіс.

79. Зертхана сынамалардың тіркеу кітаптарын, жұмыс журналдарын ( бастапқы және ақтық нәтижелер бар), сынақтардың хаттамаларының көшірмелерін, келіп түскен шағымдар мен олар бойынша қабылданған шешімдерді сақтауды қамтамасыз етеді. Бұл құжаттардың сақталу мерзімі үш

жыл.

80. Зертхана, коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз етуі тиіс.

81. Зертхана, халықаралық, мемлекетаралық стандарттармен және басқа нормативтік құжаттармен белгіленген өнімді сынақтан өткізудің әдістері мен процедурасын қолдануы тиіс. Бұл құжаттардың даналары сынақ жүргізуші қызметкерлердің қарауында болуы тиіс.

82. Сынақтардың нәтижелері және сынақтар өткізудің шарттары журналдарға жазылады. Сынақтардың нәтижелері бойынша хаттамалар ресімделеді.

83. Сынақтардың әрбір хаттамасына мыналар енгізілуі тиіс:

зертхананың атауы мен мекен-жайы, сынақтардың өткізілетін орыны;

тіркеу туралы куәліктің нөмірі;

хаттаманың тіркеу нөмірі мен ресімделген күні, хаттаманың әрбір бетінің реттік саны және беттерінің жалпы саны;

тапсырыс берушінің атауы (тегі) мен мекен-жайы;

сыналатын сынаманың атау мен белгіленуі;

сыналатын сынаманың алынған күні және сынақтардың өткізілген күні;

сынақтардың әдісі мен процедурасының белгіленуі және атауы;

сынамаларды таңдап алу процедурасының сипаттамасы (қажет болғанда);

сынақтың стандарттан тыс әдістерін немесе процедураларды қолдануға қатысты мәліметтер;

белгіленетін көрсеткіштердің атауы, олардың нақты және нормаланатын маңызы;

сынақ жүргізудің шарттары;

өлшемдердің ауытқуын көрсету (егер бұл қажет болса);

зертхана маманының қолы;

зертхананың рұқсатынсыз хаттаманы қайта жазып шығаруға тыйым салу туралы мәлімдеме.

84. Сынақтар хаттамасы түзетусіз, анық, сынақтардың әдістемесіне арналған нормативтік құжаттарға толығымен сәйкес ресімделуі және тіл нормасының әртүрлі болуына жол бермеуі тиіс.

85. Сынақтар хаттамасы шығарылғаннан кейін оған толықтыру енгізу, мысалы, "____________ сынақ хаттамасына қосымша (тіркеу, реттік нөмірі немесе басқа белгісі бар)" деп аталатын жеке құжат ретінде ғана ресімделеді. Толықтырулар туралы құжаттарда хаттамадағы айдарлар сияқты айдарлар болуы тиіс.

86. Тұқымдарды зерттеудің нәтижелері мен сынақ өткізудің шарттары журналдарда жазылады. Сынақтардың қорытындылары бойынша талдаудың нәтижелері жазылады.

87. Себілу сапасы, стандарттармен белгіленген (толық талдау) және олардың талаптарына сәйкес келетін нормаланған барлық көрсеткіштер бойынша тексерілген тұқымдардың партиясына сапа шартына сәйкестігі туралы куәлік беріледі. Толық талдау кезіндегі зерттеу нәтижелері бойынша себілу сапасына арналған тиісті стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдардың партиясына, сондай-ақ нормаланған көрсеткіштер бойынша жартылай зерттелген (толық емес талдау) тұқымдарға талдау нәтижесі беріледі.

88. Тұқымның сапа шартына сәйкестігі туралы куәлікте мыналар жазылуы тиіс:

тұқымдық сараптама зертханасының атауы, мекен-жайы;

құжаттың тіркеу нөмірі;

құжаттың қолданылу мерзімі;

шаруашылықтың немесе зерттелетін тұқым иесінің атауы және оның тұрған жері;

дақылдың атауы, сорты, репродукциясы, санаты, егіннің жылы;

партияның нөмірі;

партияның көлемі;

зерттеулердің нәтижелері алынғанын растайтын мәліметтер;

тұқым сапасы жөніндегі зертхана басшысының қолы мөрмен расталады.

### 5. Астық сертификаттау жөніндегі тіркелген органдардың, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың қызметін мемлекеттік бақылау

89. Сертификаттау жөніндегі тіркелген органдардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың қызметін мемлекеттік бақылауды Ауылшармині жүзеге асырады. Мемлекеттік бақылау тексерістердің жоспарына сәйкес, тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімінің ішінде, алайда ең кемінде жыл сайын бір рет жүзеге асырылады.

90. Жоспардан тыс мемлекеттік бақылау жүргізуге мыналар негіз болуы мүмкін: астық (тұқым) сапасын сертификаттаудың негізгі принциптерінің сақталмағандығы туралы ақпарат;

Ауылшарминіне берілген қызмет туралы есептерді талдауда кемшіліктердің анықталуы;

Астық (тұқым) сапасына кінәраттар қойылуы;

тіркеу туралы куәліктің қолданылуын қалпына келтіруге арналған, белгіленген нысандағы (14-қосымша) өтініш.

91. Мемлекеттік бақылаудың нәтижелері белгіленген нысандағы (15-қосымша) актімен ресімделеді. Мемлекеттік бақылаудың нәтижелері жағымсыз болған жағдайда Ауылшармині тиісті шешім қабылдайды.

92. Астық сертификаттау жөніндегі органның немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың басшылығы осы Ереженің орындалмағаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілік көтереді.

## 6. Астық сертификаттау жөніндегі органның, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың қызметін тоқтата тұру, қалпына келтіру, тіркеу туралы куәліктің күшін жою, қызметін тоқтату

93. Астық (тұқым) сертификаттаудың ережелері мен процедураларының орындалмауы анықталғанда мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша материалдарды астық сертификаттау жөніндегі органның немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың өкіліне бақылау материалдарын қараудың мерзімі мен қаралатын орны көрсетілген шақыру жіберіп оның қатысуымен Ауылшармині қарайды.

94. Астық сертификаттау жөніндегі органның немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханалардың өкілі келмесе, мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша материалдарды Ауылшармині оның қатысуынсыз қарайды және тіркеу туралы куәліктің қолданылуын 6 ай мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды. Шешімнің көшірмесі демалыс күндерін қоспағанда шешім қабылданған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей өкілге жолданады немесе беріледі.

95. Сертификаттау жөніндегі орган немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхана хабарды алған күннен бастап бір ай ішінде, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен, қабылданған шешім туралы шағым бере алады.

96. Тіркеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімнің негізінде астық сертификаттау жөніндегі орган немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхана сертификаттау жөніндегі қызметті тоқтатуы және анықталған құқық бұзушылықтарды жою жөнінде үйлестіруші іс-шаралар жүргізуі тиіс.

97. Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін сертификаттау жөніндегі орган немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхана, қызметтің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін анықтау және тіркеу туралы куәліктің қолданылуын қалпына келтіру мақсатында Ауылшарминіне өтініш береді.

98. Кезекті мемлекеттік бақылаудың оң актілерінің негізінде Ауылшармині тіркеу туралы куәліктің іс-әрекет жасауын қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

99. Тіркеу туралы куәліктің іс-әрекет жасауы себептер жойылмаған жағдайда, немесе тіркеу туралы куәліктің іс-әрекет жасау мерзімінде нормативтік құжаттардың талаптары қайтадан бұзылғанда, Ауылшармині тіркеу туралы куәліктің күшін жояды.

100. Тіркеу туралы куәлік, қатаң есептегі бланкілер, сертификаттар тізілімі астық сертификаттау жөніндегі органға немесе астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертханаға тіркеу туралы куәліктің күші жойылуы туралы шешім жіберілген сәттен бастап келесі күннен кешіктірмей Ауылшарминіне қайтарып беруге жатады, сапа сертификатының қолданылмаған бланкілері сату жөніндегі ұйымға қайтарып беруге жатады.

101. Қайтарылған бланкілердің құнын бланкілік өнімдерді сатып алу сәтіндегі бағамен бланкілер сату жөніндегі ұйым тапсырылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде өтейді.

### 7. Астық (тұқым) сапасы жөніндегі сарапшыларға қойылатын біліктілік талаптары, дайындау және аттестаттау тәртібі

102. Осы талаптарға сәйкес келетін және тіркеу туралы Комиссиямен аттестатталған мамандар астық (тұқым) сапасы жөніндегі сарапшы бола алады.

103. Өтініш беруші теориялық дайындықпен және оның деңгейіндегі бағамен байланысты шығындарды төлейді.

104. Сарапшының жоғары білімі, мамандығы бойынша ең кемінде 3 жыл жұмыс стажы, астық (тұқым) сапасы жөнінде арнайы теориялық дайындығы болуь тиіс.

105. Мамандығы бойынша ең кемінде 5 жыл жұмыс стажы болғанда, орта арнаулы білімі болуға рұқсат етіледі.

106. Сарапшы:

Қазақстан Республикасы заңдарының негізін;

мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттарды және астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарды;

астық (тұқым) сапасын зерттеудің мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық әдістерін;

астықты (тұқымды) қабылдау, сақтау, өңдеу, тиеу шарттарын;

астық (тұқым) сапасын анықтағанда дауларды шешу тәртібін, этика негіздерін білуі тиіс.

107. Астық сапасы жөніндегі сарапшы:

дәндерді зерттеу үшін іріктеу өткізуге;

астық сапасын сынауды жүргізуге;

сапа сертификатын бергенде сынақ нәтижелерін бағалауға;

астық сапасын анықтауға арналған приборлар мен құрал-жабдықтарда жұмыс істеуге;

сынақ жасалғанда бақыланған қорытындылар негізінде тиімді қорытындылар жасауға;

астық сапасы жөніндегі қажетті құжаттамамен танысуға;

астық сынақтарын өткізу үшін қажет қосымша ақпарат сұрауға;

ақпарат құпиялылығын қамтамасыз етуге;

қызмет бабындағы этиканы сақтауға міндетті.

108. Тұқым жөніндегі сарапшы:

тұқым зерттеу үшін сынамалар іріктеуге;

тұқымның сорттылық және себу сапасына зерттеу жүргізуге;

тиісті құжаттарды бергенде зерттеу нәтижелерін бағалауға;

құжаттама жүргізу тәртібін сақтауға;

дүниежүзілік приборлар мен құрал-жабдықтарда жұмыс істеуге;

дәнді, дәнді-дақылдық және майлы дақылдардың сорттылық себілуін анықтау жөніндегі жұмыстарды өткізуге;

тұқым зерттелгенде бақыланған қорытындылар негізінде тиімді қорытындылар жасауға;

тұқым зерттегенде қажетті құжаттамамен танысуға;

тұқым сынақтарын өткізу үшін қажет қосымша ақпарат сұрауға;

ақпарат құпиялылығын қамтамасыз етуге;

қызмет бабындағы этиканы сақтауға міндетті.

109. Сарапшыны теориялық дайындауды Ауылшармині тағайындаған астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі қызмет көрсетуді ұсынатын ұйым көрсетеді.

110. Теориялық білімді бағалау тест өткізу арқылы анықталады.

111. Тест өткізу нәтижелері бойынша сарапшыға кандидатқа куәлік беріледі.

112. Сарапшыға кандидат Ауылшарминіне мынадай құжаттарды:

1) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішін;

2) 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке карточкасын;

3) білімі туралы дипломның көшірмесін;

4) біліктілігін жоғарылату туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.

113. Комиссия сарапшылар аттестаттауды:

1) құжаттарды сараптау;

2) астық (тұқым) сапасы жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажет білімін, машықтарын және қабілетін бағалау үшін әңгімелесу арқылы өткізеді.

114. Оң шешім қабылданғанда, сарапшыға кандидатқа белгіленген үлгідегі (18-қосымша) тіркеу туралы куәлігі беріледі.

115. Сарапшыны қайта аттестаттауды Ауылшармині жыл сайын өткізеді.

116. Қайта аттестаттауда сарапшының қызметі туралы аттестаттаудан кейінгі кез-келген (оң немесе жағымсыз) ақпарат, сондай-ақ біліктілігін жоғарылату туралы деректер ескеріледі.

117. Біліктілікті жоғарылату курсы оқу жылына бір рет өткізілуге тиіс.

118. Қайта аттестаттауда жағымсыз нәтиже болғанда, Комиссия сарапшыны аттестаттау туралы куәліктен айырады.

119. Қажетті шамада кәсіпкер болып табылмайтын сарапшы куәліктен мерзімнен бұрын айрылады.

120. Аттестаттау туралы куәлік Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тізілімінде тіркеледі.

121. Комиссия шешіміне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне оны алған күннен бастап бір ай ішінде жазбаша түрде шағым беру арқылы наразылық білдіреді.

122. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шешіміне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сот тәртібімен дауласуға болады.

1-қосымша

Астық сертификаттау жөніндегі органды тіркеуге тапсырыстың нысаны

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

ТАПСЫРЫС

1.____________________________________________________________

нақты өнімнің, сапа немесе өндірістер жүйелерінің атауы,

____________________________________________________________________

ұйымның атауы

астық сертификаттау жөніндегі орган ретінде__________________________
__________________________________________ тіркеуді сұраймыз.

2. Мекен-жайы, телефон, телекс, факс, есепшотының нөмірі______________________________________________________________

3. Басшысының тегі, аты, әкесінің аты___________________________
____________________________________________________________________

4. Ауылшарминімен байланыс үшін жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны_______________________________________________

5. Ұйым, Ауылшармині бекіткен астық сертификаттау жөніндегі талаптардың барлығына сәйкес екендігін растаймыз.

Қосымша - мына аталған құжаттардың жиынтығы 3 данадан:

1. Астық сертификаттау жөніндегі орган туралы ереже
2. Тіркеудің өтініш берілген саласы (Тіркеу туралы куәлікке қосымша)
3. Сапа жөніндегі басшылық

4. Астық сертификаттау жөніндегі органның құрылуы туралы бұйрық
5. Астық сертификаттау жөніндегі органның мамандары туралы мәліметтер
6. Өтініш берушінің құқықтық мәртебесін анықтайтын құжаттардың көшірмелері
____________________________________________________________ Басшысы
өтініш беруші-ұйымның атауы

___________________________ ____________________________
қолы тегі, аты-жөні
"______"_____________200__ ж.
__________________________________________________________Бас бухгалтері
өтініш беруші-ұйымның атауы

___________________________ ____________________________
қолы тегі, аты-жөні
"______"_____________200__ ж.

2-қосымша

Зертхананы тіркеуге тапсырыстың нысаны

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

ТАПСЫРЫС

1.___________________________________________________________________
зертхананың атауы, аккредитация түрі,
_________________________________________________________тіркеуді сұраймыз.
қызмет көрсету аймағы

2. Мекен-жайы, телефон, телекс, факс, есепшотының нөмірі_______________________________________________________________________

3. Басшысының тегі, аты, әкесінің

аты_______________________________________________________________

4. Ауылшарминімен байланыс үшін жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны_______________________________________________

5. Ұйым, Ауылшармині бекіткен астық сертификаттау жөніндегі талаптардың барлығына сәйкес екендігін растаймыз.

Қосымша - мына аталған құжаттардың жиынтығы 3 данадан:

1. Тіркелген сынақ зертханасы туралы ереже
2. Тіркеудің өтініш берілген саласы
3. Зертхананың паспорты
4. Сапа жөніндегі басшылық
5. Зертхананы құрамына енгізген ұйымның құқықтық мәртебесін анықтайтын құжаттардың көшірмелері

Басшы* ______________________ ____________________________
қолы тегі, аты-жөні

Бас бухгалтер*______________________ ________________________
қолы тегі, аты-жөні

"______"_____________200__ ж.

Мөр орны

*Тапсырысқа заңды тұлғаның лауазымды адамдары қол қояды

3-қосымша

Тіркеу туралы куәлікке қосымшаның нысаны

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

______________________________

"__" _______200_ ж. N____

тіркеу туралы куәлікке қосымша

ТІРКЕУ САЛАСЫ

_______________________________________________________________
Астық сертификаттау жөніндегі органның атауы мен мекен-жайы

| Астықтың атауы коды | Коды | Астықты тіркеу кезінде расталатын сапалық көрсет. кіштері | Нормативтік Құжаттаманың белгіленуі | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Астыққа арналған нормалар | Сынақ әдістері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

1. Осы қосымшаның соңғы парағына астық сертификаты жөніндегі органның басшысы қол қояды және мөрмен расталады.

2. Осы қосымшаның әрбір парағына Ауылшарминінің жауапты қызметкері қол қояды және Ауылшарминінің мөртабанымен расталады.

4-қосымша
Тіркеу саласының нысаны

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

______________________________

"__"_________200_ ж. N ___

тіркеу туралы куәлікке қосымша

ТІРКЕУ САЛАСЫ

---

Астық сапасы жөніндегі зертхананың (орталықтың) атауы және қызмет көрсету аймағы

| Астықтың атауы | коды | Коды | Астық үшін нормалар белгіленген жерлердегі Нормативтік Құжаттама. ның белгіленуі | Нормативтік Құжаттаманың белгіленуі | Сынақ әдістеріне арналған Белгіленуі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

1. Осы қосымшаның соңғы парағына зертхананың немесе зертхана құрылымдық бөлімшесі болып табылатын ұйымның басшысы қол қояды және мөрмен растайды.

2. Осы қосымшаның әрбір парағы Ауылшарминінің мөртабанымен расталады.

5-қосымша
Тіркеу саласының нысаны

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

______________________________

"___"_________200_ ж. N___

тіркеу туралы куәлікке қосымша

ТІРКЕУ САЛАСЫ

__________________________________________________________________________

Тұқым сапасы жөніндегі зертхананың атауы және қызмет көрсету аймағы

__________________________________________________________________________

| Дәнді дақылдардың, дәнді бұршақ дақылдардың және майлы дақылдардың тұқымдарының атауы | НТҚ Коды | Тұқым сапа. сын норма. лайтын кіштері | Анық. та. латын сапа көрсет. | НТҚ Коды мен атауы Сапаны анықтаудың Реттемелеуші әдісі | Талдауда нақты қолданылатын | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|

мен
атауы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

1. Осы қосымшаның соңғы парағына зертхананың немесе зертхана құрылымдық бөлімшесі болып табылатын ұйымның басшысы қол қояды және мөрмен растайды.

2. Осы қосымшаның әрбір парағы Ауылшарминінің мөртабанымен расталады.

6-қосымша

Кәсіпорынның, ұйымның атауы

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхананың қызмет көрсету аймағы

атауы

ПАСПОРТЫ

1-нысан

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі тіркелген зертхананың атауы және пошталық мекен-жайы

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі тіркелген зертхана құрамында жұмыс істейтін ұйымның атауы

Қызмет көрсету аймағы.

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі тіркелген зертхананың басшысының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, телефоны

2-нысан

## I. ЗЕРТХАНА СЫНАҚТАН ӨТКІЗЕТІН АСТЫҚТЫҢ (ТҰҚЫМНЫҢ) НОМЕНКЛАТУРАСЫ

| Сынақтан өткізілетін астықтың (тұқымның) атауы | ӨЖС коды | СЭБ ТҚ коды | Астыққа (тұқымға) арналған НҚ белгіленуі* |
|---|---|---|---|

## II. АСТЫҚ (ТҰҚЫМ) САПАСЫ БОЙЫНША ЗЕРТХАНА ЖҮРГІЗГЕН СЫНАҚ ТІЗБЕСІ

| Анықталатын сипаттамалардың атауы | Сынақтар әдісіне арналған НҚ белгіленуі |
|---|---|

3-нысан

СЫНАҚТЫҚ ҚҰРАЛМЕН (СҚ) ЖАРАҚТАНДЫРУ

| Анықталатын параметрлер | Атауы, тұрпаты, маркасы, дайындаушы-зауыты, Мүкәммал нөмірі | СҚ негізгі техникалық сипаттамасы | Пайдалануға берілген жылы | СҚ аттестаттау жөніндегі құжаттың күні мен нөмірі, Кезеңі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

4-нысан

АСТЫҚТЫ (ТҰҚЫМДЫ) СЫНАҚТАН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ӨЛШЕУІШ (ӨҚ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

| Астықтың (тұқымның) анықталатын сипаттамала. рының атауы | ӨҚ атауы, тұрпаты (маркасы), дайындау- зауыты, мүкәммал нөмірі | Негізгі метрология. лық сипаттамасы | Пайдалануға берілген жылы | Тексеру (аттестат. тау) сертификат. ының (куәлігінің) күні мен нөмірі, кезеңі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

5-нысан

СЫНАҚТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ АТТЕСТАТТАУҒА АРНАЛҒАН ӨЛШЕУІШ

ҚҰРАЛДАР (ӨҚ) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

| Сынақтық құралдар. дың атауы | Құрал. дарды аттес. таттау әдісіне арналған Құжаттың атауы | Өлшеулер. дің Ауқымы мен дәлдігі | ӨҚ Атауы, тұрпаты, дайын. даушы-зауыты | Метроло. гиялық сипатта. малар | Пайдала. нуға берілген жылы | Тексеру (аттес. таттау) сертифи. катының (куәлігі. нің) күні мен нөмірі, кезеңі | Қосым. ша мәлі. меттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Сынақтық құралдарды аттестаттау кезінде зертхананың персоналы нысанды толтырады.

6-нысан

ҰҚСАС БАҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ СТАНДАРТТАРМЕН ҮЛГІЛЕРМЕН ЖАРАҚТ

Қолданылатын Стандарт. Үлгі. Кім, Аттестат. Аттестат. Жарам. Куә.
стандарттық ты үлгі. нің қашан талған талған дылық ліктің
үлгілердің лерін атауы бекіт. сипат. сипат. мерзі. N Ес.
қызметі қолдану. және кен тамалар тамалар. мі кер.
(Аспаптарды дың нөмі. ды белгі. ту
градустау, тәртібі рі леудің
өлшеулердің белгі. кемші.
нәтижесі ленген лігі
дұрыстығын НҚ бел.

бақылау, гілен.
басқа санат. уі
тардың үлгі. және
лерін аттес. атауы
таттау)

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

7-нысан

Астықты (тұқымды) сынақтан өткізу кезінде қолданылатын нормативтік

құжаттардың тізбесі

| НҚ белгіленуі | НҚ атауы | Қашан, кім тіркеген, енгізілген күні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

8-нысан

АСТЫҚ (ТҰҚЫМ) САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМЫ

| Тегі, аты-жөні | Лауазымы | Білімі, дипломы бойынша мамандығы | Өткізілетін сынақ түрлері | Аттестаттау хаттамасының күні мен нөмірі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

---

8 нысанда тіркелген зертхананың қызметкерлерінен басқа, сынақтарға қатыстырылатын басқа бөлімшелердің қызметкерлерін көрсету қажет (бұл туралы 6-бағанда белгі жасалады).

9-нысан

ӨНДІРІСТІК ЖАЙЛАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

---

Жайдың Арнайы Ала. Темпе. Жұмыс Газ. Шу Кедер. Арнайы Сынақ Үлгі. Ес.
қызметі немесе ңы, рату. орын. далу дең. гі. жабдық. объек. лер. кер
(Оның бейім. шар. ра, дарын дең. гейі, лер тардың тілер. ді ту
ішінде делген шы С жарақ. гейі, Дб дең. болуы ін қаб.
өткізі. метр танды. Мг/ гейі (кедер. жет. ылдау.
лген ру, шар. гілер. кізу. дың
сынақ. лк шы ден дің және
тардың метр қор. ыңғай. сақ.
турле. ғайтын лылы. тау.
рі) желдет. ғы дың
кіш шарт.
және тары
т.б.)

---

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

---

9-нысан, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау органдарының мамандары орындаған өндірістік факторлар деңгейін өлшеудің хаттамаларының негізінде толтырылады. Өндірістік жайлардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі туралы. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау органының бас дәрігері қол қойған қорытынды нысанға міндетті түрде қоса беріледі.

7-қосымша

Тіркеу материалдарының сараптамасы жөніндегі актінің нысаны

ТІРКЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ САРАПТАМАСЫНЫҢ АКТІСІ

"_____"_____________ 200___ ж.

---

өтініш беруші-ұйымның атауы

_______________________________________________________________________

құжаттары берілді

Сонымен бірге, анықталғаны________________________________________________

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

Мамандар: ________ ______________

қолы, тегі, аты-жөні

8-қосымша

Астық сертификаттау жөніндегі органды тіркеу үшін зерттеу актісінің нысаны

Астық сертификаттау жөніндегі органды тіркеу үшін зерттеудің

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Астық сапасын сертификаттау жөніндегі органға қойылатын талаптарға сәйкес тіркеуге дайындығын анықтау мақсатында:

"_____"_____________ 200___ ж. бастап "_____"_____________ 200___ ж. дейінгі кезеңде,

_______________________________________________________________________

тексеріс жүргізу туралы құжаттың атауы, нөмірі мен күні

_______________________________________________________________________

негізінде

мынадай құрамдағы мамандар:

Бас маман: _______________________________________________

Тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны

_______________________________________________

Тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны

___________________________________________________________

___________________________________________________________

сертификаттау жөніндегі органның және осы орган құрамына енгізіліп, жұмыс

_______________________________________________________________________

істейтін ұйымның атауы

зерттеу жүргізді.

1. Тексеріс кезінде анықталды:

1) Органның құрылымы мен қызметі

_______________________________________________________________________

2) Персоналы

_______________________________________________________________________

3) құжаттамасы

______________________________________________________________________

4) Сапа жүйесі

______________________________________________________________________

2. Ұсыныстар:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Қорытынды _____ бет,__ дана болып жасалынды және

1-данасы Ауылшарминіне

2-данасы Сертификаттау жөніндегі органға

3-данасы Іс жүргізуге жолданылды.

Бас маман ____________________

қолы

Мамандар ____________________

қолы

Актімен таныстым __________________________________________________

сертификаттау жөніндегі орган басшысының лауазымы

________________________ ________________________

өз қолы тегі, аты-жөні

1. Әрбір бөлім бойынша зерттеу кезінде анықталған сәйкессіздіктердің бәрі қорытындының мәтінінде жазылуы қажет.

2. Қорытындының екінші бөлімінде, қажет болған жағдайда, зерттеу кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі ұсыныстар жазылады және тіркеу материалдары Тіркеу жөніндегі комиссияға беруін мүмкін (мүмкін емес) екендігі туралы ұсыныс беріледі.

9-қосымша

Астық сертификаттау жөніндегі органды тіркеу
үшін зерттеу актісінің нысаны

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхананы тіркеу үшін зерттеудің

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

_______________________________________________________________________

зертхананың атауы

_______________________________________________________________________

қойылатын талаптар көрсетілсін

сәйкес тіркеуге дайындығын анықтау мақсатында:

"_____"_____________ 200___ ж. бастап "_____"_____________ 200___ ж. дейінгі кезеңде,

_______________________________________________________________________

тексеріс жүргізу туралы құжаттың атауы, нөмірі мен күні

_______________________________________________________________________

негізінде

мынадай құрамдағы мамандар:

Бас маман : ______________________________________________

Тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны

Мамандар : ______________________________________________

Тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны

_______________________________________________________________________

1. Тексеріс кезінде анықталды:

Мекемесі және басқармасы

_______________________________________________________________________

Сапамен қамтамасыз ету жүйесі

_______________________________________________________________________

Персоналы

_______________________________________________________________________

Сынақтық және өлшеуіш құралдар

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

Қоршаған орта мен жайлар

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

Сыналатын сынамаларды қолдану

_______________________________________________________________________

______________________________________________________________

Құжаттама

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Сынақтардың әдістері мен процедуралары

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Хаттамалар

______________________________________________________________

______________________________________________________________

2. Ұсыныстар:

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Қорытынды _____ бет, _____ дана болып жасалынды және

1-данасы Ауылшарминіне

2-данасы Зертханаға

3-данасы Жоғарғы ұйымдарға(қажет болғанда)

4-данасы Іс жүргізуге

жолданылды (тапсырылды).

Бас маман ___________________ ___________________

қолы тегі, аты-жөні

Мамандар ___________________ ___________________

қолы тегі, аты-жөні

Сараптамалық қорытындымен таныстым және 1 данасын алдым

______________________________________________________________

өтініш беруші-ұйымның (зертхананың) басшысының лауазымы

________________________ ___________________

өз қолы тегі, аты-жөні

1. Әрбір бөлім бойынша зерттеудің нәтижелері және зерттеу кезінде анықталған сәйкессіздіктердің бәрі қорытындының мәтінінде жазылуы қажет.

2. Қорытындының екінші бөлімінде, қажет болған жағдайда, зерттеу кезінде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі ұсыныстар жазылады және тіркеу материалдарын Тіркеу жөніндегі комиссияға берілуі мүмкін (мүмкін емес) екендігі туралы ұсыныс беріледі.

10-қосымша

Тіркеу туралы куәліктің нысаны

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

АСТЫҚ САПАСЫН СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАНДЫ

ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Астық сертификаттау жөніндегі органының
"_____"_____________ 200___ ж.
N ___ тізілімінде тіркелген

"_____"_____________ 200___ ж. дейін қолданылады

______________________________________________________________________
тіркеу жөніндегі ұйым-органның атауы, мекен-жайы

АСТЫҚ САПАСЫН СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТ
СӘЙКЕС КЕЛЕТІНДІГІН ЖӘНЕ

______________________________________________________________________
Қызмет көрсету аймағы
АСТЫҚ САПАСЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫН БЕРУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАП ТІРКЕЛІ
Ауылшармин куәлендіреді.
Тіркеу саласы осы куәлікке _____ парақ қосымшамен белгіленген
Министр __________________ _________________________
Қолы* тегі, аты-жөні
М. О.

_________________________________

*Қол елтаңбалы мөрмен расталады

11-қосымша

---

Тіркеу туралы куәліктің нысаны

Қазақстан Республикасының  Ауыл шаруашылығы министрлігі

АСТЫҚ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТХАНАНЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
астық сапасы жөніндегі зертханаларының
(орталықтарының)
"_____"_____________ 200___ ж.
N  ___  тізілімінде тіркелген

"_____"_____________ 200___ ж. дейін қолданылады

---

зертхананың (органның) атауы, мекен-жайы

---

---

АСТЫҚ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТХАНАЛАРҒА (ОРТАЛЫҚТАРҒА) ҚОЙЫЛ
СӘЙКЕС КЕЛЕТІНДІГІН ЖӘНЕ
____________________ облысының ____________________ ауданы бойынша
АСТЫҚ САПАСЫНЫҢ СЕРТИФИКАТТЫҚ СЫНАҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫ
АРНАП ТІРКЕЛГЕНДІГІН
Ауылшармині куәлендіреді.

Тіркеу саласы осы куәлікке _____ парақ қосымшамен белгіленген
Министр __________________ _________________________
қолы тегі, аты-жөні
М.О.
Қол елтаңбалы мөрмен расталады

12-қосымша

Тіркеу туралы куәліктің нысаны

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ТҰҚЫМ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТХАНАНЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Тұқым сапасы жөніндегі зертханаларының
"_____"_____________ 200___ ж.
N ___ тізілімінде тіркелген
"_____"_____________ 200___ ж. дейін қолданылады

_____________________________________________________________________________
зертхананың атауы, мекен-жайы
_____________________________________________________________________________
ТҰҚЫМДЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАІ
КЕЛЕТІНДІГІН ЖӘНЕ
_____________________ облысының ________________________ауданы бойынша
ДӘНДІ, ДӘНДІ БҰРШАҚ ЖӘНЕ МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАР ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ СОІ
САПАЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАП Т
Ауылшармин куәлендіреді.

Тіркеу саласы осы куәлікке _____ парақ қосымшамен белгіленген
Министр __________________ __________________________
Қолы* тегі, аты-жөні
М.О.

_________________________________
*Қол елтаңбалы мөрмен расталады

13-қосымша

Сертификаттау жөніндегі органның мамандары туралы мәліметтер берудің нысаны

Астық сертификаттау жөніндегі органның мамандары туралы
МӘЛІМЕТТЕР

___________________________________________________________________________
өтініш беруші-ұйымның атауы

| Тегі, Аты, әкесінің аты | Білімі, Дипломы бойынша мамандығы | Жұмыс орны, Атқаратын лауазымы | Аттестаттау күні, Куәлігінің N | Қызмет саласы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Өтініш беруші-ұйымның
Басшысы ______________________ ______________________
Қолы тегі, аты-жөні

14-қосымша

Тіркеу туралы куәліктің іс-әрекетін қалпына келтіруге өтінім берудің нысаны

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Өтінім

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

тізілімінде N ____ болып тіркелген

______________________________________________________________________

астық сертификаттау жөніндегі органның, астық (тұқым) сапасы жөніндегі зертхананың тіркеу туралы куәлігінің іс-әрекетін қалпына келтіруіңізді сұраймыз.

2. Ауылшармині бекіткен талаптарға сай келмеген сәйкессіздіктердің балығы жойылғанын растаймыз.

Басшы ______________________ ________________________

қолы аты-жөні, тегі

Бас бухгалтер ____________________ ______________________

қолы аты-жөні, тегі

М.О.

15-қосымша

Мемлекеттік бақылау актісінің нысаны

Мемлекеттік бақылау

актісі

_______________________________________________________________________

тексерілетін ұйымның атауы, тіркеу туралы куәліктің нөмірі және іс-әрекет мерзімі

"____" _____________ 200 _ ж. бастап "____" ___________200 __ ж. дейінгі мерзімде _______________________________________________________________

мемлекеттік бақылау өткізу туралы құжаттың атауы, нөмірі, күні

негізінде комиссия

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

құрамында

_________________________________________________________________өкілінің

қатысуымен _______________________________________________________________

мақсатында тексеру өткізді.

1. Тексергенде

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________белгіленді

Тұжырым:_______________________________________________________________

Акт ___ бет. жасалды, акт қосымшасы ___ бет.________дана және жіберілді

(тапсырылды): 1 данасы ____________________

2 данасы ____________________

3 данасы ____________________

Комиссия басшысы _____________________ ___________________________

өз қолы аты-жөні, тегі

Комиссия мүшелері _____________________ ___________________________

өз қолы аты-жөні, тегі

Актімен таныстым және 1 данасын алдым

_____________________ _____________________ ____________________

лауазымы өз қолы аты-жөні, тегі

16-қосымша

Аттестаттайтын Комиссияға берілетін өтініштің нысаны

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі
______________________________
(облыс, қызмет бағыты)
бойынша тұқым (астық) сертификаттау сарапшысының
кандидатынан_____________________________________
(тегі, мекені, жұмыс орны, лауазымы, телефон)

Өтініш

Астық (тұқым) сапасын сертификаттау

жөніндегі________________________________
____________________________________________ сарапшы ретінде мені
аттестаттауды сұраймын.
Қазақстан Республикасында қолданылатын астық (тұқым) сертификаттау

жөніндегі сарапшыға қойылатын барлық талаптарды орындауға міндеттенемін.

Қосымшалар:____________________________

________________________________

________________________________

________________________________

________________________________

_____________________________қолы, күні

17-қосымша

Сарапшының жеке парағының нысаны

Фото орны

Астық (тұқым) сапасы жөніндегі сарапшының

(сарапшыға кандидаттың) жеке парағы

Толтырылған күні ____________________

Жеке деректер

____________________________________________________________________________

________

Тегі _______________Аты _____________Ғәкесінің аты ___________________________

Туған жылы_________________________Білімі____________________________________

Оқу орнының аты______________________________________________________________

Бітірген жылы _____________________________ ___________________________диплом

Диплом бойынша мамандығы_______________________________________________
Диплом бойынша біліктілігі _____________________________________________
Ғылыми дәрежесі______________________________________________________
Астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі сарапшының атестатталуы туралы № N____ куәлік

_______________________________________ берілген

Соңғы қайта аттестаттау өткізілген күн

Жұмыс орны ___________________________Лауазымы _______________________
Мекен-жайы______________ жұмыс тел._________ үй тел. ____________________
______________________________________________________________________
________

Өндірістік қызметі

| Күні | | Ұйымы, Лауазымы | Негізгі міндеттері |
|---|---|---|---|
| Басталуы | Аяқталуы | | |
| | | | |

Біліктілігін жоғарылату

| Күні | Оқу түрі | Мамандандыру | куәліктің N№ |
|---|---|---|---|
| | | | |

________________________________

Сарапшының (кандидаттың) қолы _________________________
тегі, аты

18-қосымша

Аттестаттау туралы куәліктің нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

АСТЫҚ (ТҰҚЫМ) СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫНЫҢ
АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІГІ

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
"____" _____________ ________ ж.
N№____ тізілімінде тіркелген
_______________________________
дейін қолданылады

Аттестаттау туралы осы куәлік

___________________________________________________________________________
тегі, аты-жөні
астық (тұқым) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды өткізуге құқылы
сарапшыларға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін куәлендіреді.
Комиссия төрағасы _____________________ _____________________
қолы тегі, аты-жөні
М.О

Мамандар:
Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК